



### ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

4-БЕТ | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН



### БАСПАСӨЗ ҚАЛАЙ ҚУҒЫНДАЛДЫ?

6-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ



### ӘКІМ ТАРАЗИ ӘЛЕМІ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Ел жүрегі – елорда



№63

(4496)

Сейсенбі

30 мамыр

2023 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАЙ ШЫҒА



Сұлтан СЕЙІТ



31 МАМЫР саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

1993 жылғы 14 сәуірде елімізде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңының қабылдануы халқымызға үлкен серпіліс әкелді.

Ұлтымыздың тарихындағы «ақтаңдақ беттер» ел есінде мәңгі сақталуы үшін 1997 жылы Президент Жарлығымен 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп бекітілді. Ал 2020 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, бүгінгі таңда республика бойынша өңірлік комиссиялар жұмыс жүргізуде. Тарихи қиянаттың дерек-дәйегіне тереңінен үніліп, құжаттарды парақтап, зерделеу, іздестіру жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде тылсым құжаттарға тіл бітіп, көптеген кітап шығарылып, мақалалар жазылды, ғылыми сараптаулар жасалды. Көптеген жазықсыз жазаланғандар ақталды.

(Соңы 5-бетте)

## ҚАЛАНЫҢ КӨРКІ ЖОЛЫНАН КӨРІНЕДІ

Жыл өткен сайын сәулеті мен дәулеті өркендеген елорданың ең маңызды нысандарының бірі – жолдары. Көлік пен жаяу жүргіншілерге арналған жолдар кең әрі тегіс болса, онда қала тұрғындарының да көңілі жайлы болатыны анық. Сондықтан да Астана қаласында жол жөндеу және жол құрылысы жұмыстары ешқашан толастаған емес.

### «ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР



Елордада 8-9 маусым аралығында Астана халықаралық форумы өтеді. Бұл іс-шараға 1000-нан астам шетелдік қонақ келеді деп күтілуде.

### ДӘСТҮРЛІ ФОРУМ ӨТЕДІ

Астаналық форум аса маңызды жаһандық мәселелерді талқылауға бағытталған. Атап айтқанда, бүгінгі әлемдік ахуал, геосаяси шиеленістің артуы және мемлекетаралық ынтымақтастықтың дәстүрлі үлгілерінің түбегейлі өзгеруіне байланысты бұрын-соңды болмаған сын-қатерлерге бірлесіп жауап іздеу, осы мақсатта әлемдік

қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіру болып отыр. Форумда 40-тан астам панельдік сессия, бейресми пікірталас және мазмұнды жиындар өтеді. Ал стратегиялық серіктестері – БҰҰ және CNN. ҚР Үкіметі ұйымдастыратын форум ЕХРО-ның конгресс-орталығында өтеді.

### БАЛАЛАР ҚУАНАТЫН КҮН

Астана қаласының әкімдігі Халықаралық балаларды қорғау күніне орай 50-ден аса іс-шара дайындап отыр.



1 маусым күні елордада «Балалардың игілігі үшін» республикалық акциясы өтеді. Оның аясында конкурстар, ойын-сауық бағдарламалары, зияткерлік ойындар ұйымдастырылады. Сондай-ақ шеберлік сыныптары, челленждер, шығармашылық жұмыстарға арналған көрмелер, музыкалық-театрландырылған фестивальдер мен көрме-презентациялар өтеді. Бұл іс-шараларға ата-аналар қауымдастығы да қатысады.

Елорданың бүлдіршіндері – балабақша тәрбиеленушілері арасында

«Көңілді заряд» әуе шарлары бар бір сәттік флешмоб, жасөспірім футболшылар марафоны, оның аясында Астана қаласы футбол командаларының ойыншыларымен мектептердің спорт алаңында бір уақытта ойындар болады. Street workout белсенді спорт түрлері бойынша мастер-класстар, «Арбат» жаяу жүргіншілер аллеясында «Балалық шақ энергиясы» мерекелік қалашығы ашылды. Сонымен қатар қаланың алаңдары мен демалыс орындарында қызықты іс-шаралар ұйымдастырылады.



## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шейх Сурур бен Мұхаммед Әл Нахаянмен кездесті. Мемлекет басшысы Абу Даби Әмірлігін билеуші әулеттің өкілі, шейх Сурур бен Мұхаммед Әл Нахаянға ілтиспат білдіре отырып, кездесу екі елдің ынтымақтастығын нығайту жолын талқылауға орайлы сәт екенін атап өтті.

«Биыл жыл басында Әмірліктерге жасаған сапарымды және ел басшылығымен өткізген кездесулерімді жылы сезіммен еске аламын. Қол жеткізілген уағдаластықтар екі ел халықтарының игілігі үшін қызмет етіп жатқанын ерекше атам өтемін. Араб Әмірліктері – біз үшін ислам әлеміндегі сенімді әрі басты стратегиялық серіктес. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қолдау көрсетіп келе

жатқан бауырлас ел. Мұны қазақ халқы ешқашан ұмытпайды. Әмірліктердің ел көркеюіне қосқан үлесін достық пен тығыз ынтымақтастықтың жарқын бейнесі деп қабылдаймыз. Мүмкіндікті пайдаланып, Араб Әмірліктерінің басшылығына алғысымды білдіремін және Президент шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянға ыстық ықыласқа толы сәлемімді жолдаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде шейх Сурур бен Мұхаммед Әл Нахаян құрмет көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты және Қазақстан мен БАӘ қатынасы қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды.

Кездесу соңында Президент екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға елеулі үлес қосқаны үшін шейх Сурур бен Мұхаммед Әл Нахаянды I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

## САЙЛАУДАҒЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды Түркияда өткен президент сайлауының екінші кезеңіндегі жарқын жеңісімен құттықтады.

«Елдерімізді тарихи достық және ынты-

мақтастық байланыстар біріктіреді. Осы жан-жақты ынтымақтастық стратегиясы одан әрі дами береді» деп жазылған Президенттің Twitter-дегі құттықтауында.

## ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР КӨБЕЙЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, 1 шілдеден бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін еңбек ету қабілетінен және асыраушысынан айырылуына байланысты берілетін әлеуметтік төлемдердің мөлшері 14,5 пайызға ұлғайтылады. ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов Үкіметтің тиісті қаулысына қол қойды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы санаттағы тұлғаларды қолдау шараларын күшейту қажеттігін осы жылдың 29 наурызында өткен VIII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында атап өтті. Еңбек ету қабілетінен айырылуына байланысты әлеуметтік төлемдермен 92 мыңға жуық адам, асыраушысынан айырылуына байланысты берілетін әлеуметтік

төлемдермен 61 мың отбасы қамтылады деп жоспарланып отыр. Осы қаулы 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Мемлекет азаматтардың табысын арттыру бойынша іс-шараларды тұрақты негізде қабылдап келе жатқанын айта кету керек. Мысалы, биыл 1 қаңтардан бастап республикадағы ең төменгі еңбекақы мөлшері 60

мыңнан 70 мың теңгеге дейін көбейтілді. Бұл экономиканың барлық саласында жұмыс істейтін 1,8 млн-ға жуық жалдамалы жұмыскер мен еңбек адамын қамтыды. Ең төменгі айлық көрсеткіші арқылы еңбекақы деңгейін белгілейтін ұйымдар біліктіліктің санатаралық жүйесін ескере отырып, өзге де санаттағы жұмысшылардың еңбекақысын өсіру жағына қарай қайта қарастырады.

## ИМАМ – ІЗГІ ҚОҒАМ ЖАРШЫСЫ

Елордада осындай атаумен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен V республикалық имамдар форумы өтті.

ҚМДБ-ның баспасөз қызметі хабарлағандай, форумға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Ғұламалар, Сарапшылар кеңесінің мүшелері, медресе-колледж бен

қарилар орталығының директорлары, сондай-ақ еліміздің әр аймағынан келген 350 имам қатысты.

Ігі іс-шара Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранымен басталып, қасиетті Құран аятымен ашылды. Одан кейін мүфтиятың жыл басынан бері атқарған іс-шаралары туралы бейнеролик көрсетілді. Фо-

рум бағдарламасына сәйкес, жиында «Имамның жамағат намазын өткізу тәртібі», «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының рухани (діни және ұлттық) құндылықтарды насихаттаудағы рөлі» және «Қажының рухани келбеті» тұғырнамасы құжаттары қаралып, қабылданды. Басқосу соңынан форумға қатысушылардың үндеуі жарияланды.

## ӨЗІМІЗДІ СҮТ ӨНІМДЕРІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІМІЗ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысына сапары аясында «Қызылжар-Сүт» фермасының жұмысымен танысты. Президентке сүт фермасындағы сауын цехы және мал бордақылау алаңы көрсетіліп, осы кешенде қолданылатын сүт өндіру технологиясы таныстырылды.



Тауарлық сүт фермасының бірінші кезеңі 2020 жылы іске қосылған. Былтыр кәсіпорынға 366 миллион теңге инвестициялық субсидия бөлінген, Германиядан симментал және голштин асыл тұқымды ірі қара сатып әкелінген. Ферма 60 жергілікті тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Президент Солтүстік Қазақстан өңірінде мал шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемін арттыруға мол мүмкіндік бар екенін атап өтті.

– Біз мұндай өндірістік жобаларға міндетті түрде қолдау көрсетеміз. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы жеңілдікпен кредит беру өз тиімділігін көрсетті. Яғни қаржыландыру жағынан мәселе болмауға тиіс. Сүт өндірісін тиісті деңгейде ұйымдастыру керек. Бүкіл ел бойынша өз-өзімізді сүт өнімдерімен қамтамасыз ететін деңгейге жетуіміз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Облыс әкімінің орынбасары Марат Тасмағамбетовтің айтуынша, қазіргі таңда аймақта жыл сайын 650 мың тоннадан астам сүт өндіріледі. Бұл – республика бойынша өндірілетін сүт көлемінің 10 пайызы. Соңғы бес жылда облыста 16,5 мың бас ірі қараға есептелген 30 сүт фермасы ашылды. Биылдан бастап тағы да 17 тауарлық сүт фермасын ашу үшін қосымша 54,9 млрд теңге бөлінеді.

Жалпы, облыста агроөнеркәсіп саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін жеңілдікпен кредит беру механизмі іске қосылған. Өңірді кешенді дамыту бағдарламасы аясында «Солтүстік» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы жалпы

құны 35 миллиард теңгеге 35 жоба қаржыландырылды. Атап айтқанда, мемлекет қолдауымен 21 сүт фермасы және 2 құс фабрикасы ашылды. Тағы бір құс фабрикасы алдағы уақытта голштин асыл тұқымды ірі қара сатып әкелінген. Ферма 60 жергілікті тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Президент агроөнеркәсіп кешені басшыларымен және қарапайым жұмысшылармен әңгімелесті. Олар мемлекет тарапынан жан-жақты қолдаудың нәтижесінде Солтүстік Қазақстан облысында мал шаруашылығының дамуы тың қарқын алғанын атап өтті.

\*\*\*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында көктемгі егіс науқанымен танысу үшін «Дайындық Агро» ЖШС-ға қарасты егістік алқабын аралап көрді. Аталған шаруашылық дәнді, майлы дақылдар өсірумен және мал шаруашылығымен айналысады. Иелігінде 15,8 мың гектар егістік алқабы, 4,2 мың гектар жайылымдық жері бар. «Дайындық Агро» директоры Біржан Шәймерденов биыл бидайдың аустриялық «Тризо» сортын егіп, гектарынан 25 центнер өнім алуды жоспарлап отырғанын айтты.

Президент диқандардың экспорттық сұранысы жоғары дақылдарды өсіруге бейімделгенін атап өтіп, шаруалардың еңбегіне оң баға берді. Прези-

дентке көктемгі егіс науқанының барысы жөнінде мәлімет берілді.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін егістік алқаптарын әртараптандырып, әлеуметтік маңызы бар дақылдарды көбірек егу мәселесіне ұдайы назар аударылады. Соңғы жылдары облыста қарақұмық егу 3 есе, картоп, сәбіз, орамжапырақ секілді көкөністер алқабы шамамен 1,5-2 есе артқан.

Қасым-Жомарт Тоқаев егістік басында облыстың ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерімен әңгімелесті. Олар мемлекеттің тиімді қолдауы нәтижесінде шаруашылықтарын кеңейтуге мүмкіндік алғанын айтты. Ірі шаруашылықтар ауыл халқы жұмыспен қамтып қана қоймай, ауылдағы әлеуметтік бастамаларға да үлес қосып келеді.

Мемлекет басшысы еңбек өнімділігін арттырып, ауыл шаруашылығына жаңа технологиялар мен өндіріс тәсілдерін енгізу маңызды екеніне назар аударды. Президенттің пікірінше, бұл шаралар халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, нақты табысының артуына ықпал етеді. Қазіргі кезде Солтүстік Қазақстан облысындағы еңбек өнімділігі, ауыл шаруашылығы саласындағы бір жұмысшыға шаққанда, 5 миллион теңгені құрайды. Бұл республикалық орташа көрсеткіштен әлдеқайда жоғары.

Сондай-ақ Президент облыс басшылығына осы бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыруды және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу ісін дамытуды тапсырды. Диқандардың көктемгі егіс науқанын сәтті атқаруына тілектестік білдірді.



## БАЛАБАҚША ҚАУІПСІЗ БЕ?

Қазір балабақшаға баратын балақайлардың қауіпсіздігі – түйткілді мәселенің бірі. Себебі соңғы уақытта балабақшада балаға қатысты жазатайым оқиғалардың жиі қайталануы ата-аналарды алаңдатып отыр. Осыған байланысты кеше елорданың №89 мектеп-лицейінде «Мектепке дейінгі мекемелердегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері» тақырыбында елорданың жекеменшік балабақшаларының меңгерушілерімен жиналыс өтті.



Жазатайым оқиғалар мен балалар жарақатының алдын алу және болдырмау, тәрбиешілердің, қызметкерлердің жауапкершілігін арттыруға бағытталған жиынға мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, қаладағы жекеменшік балабақшалардың меңгерушілері қатысты.

«Елорданың жекеменшік балабақшаларында балаларды ұрып-соғу деректері жиі кеткенін айту керек. Мұның себептері, әрине, көп. Алайда бірінші кезекте балабақшалардағы тәрбиешілердің кәсібилігіне тоқталғым келеді. Бұл – кез келген істің қозғаушы күші. Бірақ кейінгі кездері қоғамда педагогика саласы мамандарының беделі

төмендеп кетті. Көбі оны тиісті ұпай жетпегендіктен, әйтеуір бір мамандық алып шығайын деген ниетте амалсыздан таңдайтын болды. Мұндай маман иелерінде балаға деген сүйіспеншілік пен махаббат болуы керек. Ал бізде ондай мамандар, өкінішке қарай, аз» деді Астана қаласының бала құқықтары жөніндегі уәкілі Әсіма Бимендіна.

Іс-шарада Астана қаласы Білім басқармасы мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің басшысы Айгүл Ережепова, қалалық Полиция департаменті ювеналды полиция бөлімінің басшысы Нелля Дошанова, Астана қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары

Айгүл Шағалтаева, Қазақстандық үздіксіз білім беру қауымдастығының төрайымы Лейла Күленова сөз сөйлеп, мектепке дейінгі мекемелерде балалар үшін қауіпсіз жағдай жасау, мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жай-күйі мен қабылданып жатқан іс-шаралар жөнінде кеңірек тарқатты.

Қатысушылар әсіресе жаз мезгіліндегі балалардың жол-қауіпсіздік ережелеріне жете мән беруге, ата-аналарды зорлық-зомбылық фактілеріне жедел ерекет ету алгоритміне сүйенуге шақырып, мектепке дейінгі мекемелердің басшылары балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар ұсынысымен бөлісті.

## «ЖАС САРБАЗ» ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында елордадағы «SOS Астана балалар ауылы» жеке білім беру мекемесінде «Балалар – өмір гүлдері» атты мерекелік кеш өтті. Іс-шара барысында балалар ауылында әскери-патриоттық клуб ашылып, тәрбиеленушілерге «Жас сарбаз» куәлігі табысталды.



Индира БЕРЖАНОВА

Мерекелік жиынға Қарулы күштер ұлттық әскери-патриоттық орталығының бастығы Арман Әсенов, «Жас сарбаз» республикалық қозғалысының

төрағасы Мейірбек Мендіғалиев және «Жас сарбаз» республикалық қозғалысы Астана қаласы филиалының төрағасы Асхат Налшыбек қатысып, балаларға патриоттық тәрбие берудегі «Жас сарбаз» қозғалысының маңызын атап айтты.

Іс-шара барысында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клуб мүшелерінің ант қабылдау рәсімі өтіп, жиырмаға жуық жас сарбазға куәлік табысталды.

– Балалар ауылының 103 тәрбиеленушісі «Жас сарбаз» қатарына қабылданады деп жоспарланып отыр. Олардың қатарында да патриот азаматар бар. Мақсатымыз – отаншыл, рухшыл, білімді жастарды тәрбиелеу. Қазіргі таңда елордадағы 95 мектеп, 35 колледжде әскери-патриоттық сыныптар ашылды. Қалада барлығы 8000-ға жуық жас сарбаздықтар тәрбиеленіп жатыр. Жас сарбаз ретінде болашақта өзін әскери саладан көретін тұлғаларды тәрбиелейміз, – деді «Жас сарбаз» республикалық қозғалысы Астана қаласы филиалының төрағасы Асхат Налшыбек.

Салтанатты рәсімнен соң «Жас сарбаз» балалар студиясының өрендері өнерін көрсетіп, аниматорлары бар балалар ойын бағдарламасы көпшілікті қуантты. Сондай-ақ «SF Қазақстанның тәтті тағамдары» желісінің қолдауымен балаларға тәттілер таратылды.

## СПОРТТЫҚ ОТБАСЫЛАР САЙЫСЫ

Осындай атаумен Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында Сарыарқа ауданының теміржол қызметкерлері арасында спартакиада өтті.

Спартакиаданың салтанатты ашылу рәсіміне «Қамқор Локомотив» ЖШС техникалық директоры Жанатбек Адамбаев, «Қамқор Магистраль» кәсіп-одақ ұйымының төрағасы Светлана Байқадамова және Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының бас маманы Аяулым Қанатқызы қатысып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Құттықтау сөз сөйлегендер балалар еліміздің жарқын болашағы екенін, әрдайым оларға қамқорлық таныту қажет екенін атап айтты.

Астана локомотив жөндеу депосының жұмыскерлері 6 командаға бөлініп, көңілді сайысқа 7-9 жас аралығындағы балаларымен бірге



қатысты. Берілген тапсырмаларды орындап, көңілді және тартысты ойын көрсетті. Сондай-ақ «Ең тапқыр отбасы», «Ынтымақты отбасы», «Креативті

отбасы», «Мықты отбасы», «Мерейлі отбасы» номинациялары бойынша үздіктер анықталып, бағалы сыйлыққа ие болды.

Астана қаласының Алматы ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында аулаларды абаттандыру жұмыстары іске асырылуда.

## ХАЛЫҚ ТАҢДАҒАН ЖОБАЛАР

Аталмыш бағдарлама аясында 72 жоба іріктеліп алынған. Оның 59-ы аулаларды абаттандыруға арналған. Нақтырақ айтсақ, балалар ойын алаңқайларын құру, спорт тренажерлері, шағын архитектуралық формалар орналастыру, тағы да басқа жұмыстар жасалады. Ал қалған 13 жоба жарықтандыру мен су бұру жұмыстарына бағытталған.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы 2020 жылдан бастап еліміздің ірі қалалары мен облыс орталықтарында жүзеге асырылып келеді. Оған сәйкес қала тұрғындары өз аймақтарын көркейту мен абаттандыруға арналған жобаларын ұсына алады. Жобаларды іріктеу үшін жергілікті әкімдік сайтында байқау жарияланып, азаматтардың

электронды-сандық қолтаңбасы арқылы дауыс беру нәтижесінде жеңімпаздар анықталады.

Дәл осы бағдарлама аясында Астана қаласы Алматы ауданы әкімдігінің сайтында 6-29 сәуір аралығында конкурс жарияланған болатын. Қазіргі таңда тұрғын үй кешендерінің дауыс беру нәтижесінде іріктеліп алынған жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Алматы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, 59 ауланы абаттандыру жұмысы қыркүйекке дейін аяқталады.

Төлеген АБДРАСИЛОВ,  
Л.Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университетінің  
2-курс студенті



## ДЕЛЬФИЙ – ДАРЫНДЫЛАР ОЙЫНЫ

Елордада талантты жастарды қолдап, рухани-эстетикалық тәрбиелеу мақсатында XIV ұлттық дельфий ойындарының өңірлік іріктеу кезеңі өтті. Онда 10-15 және 16-25 жас аралығындағы өнерпаздар өнер көрсетті.

Биылғы байқауда 17 номинация бойынша үздіктер анықталды. Фортепиано, скрипка, ән айту, халық аспаптары, халық әні, халық биі, заманауи би, фотоөнер, қысқаметражды фильм, киім дизайны, көркем сөз, театр өнері, бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы өнер бойынша өнерпаздар сынға түсті. Дәстүрлі түрде екі параноминация қосылды: ым-ишара тілінде ән айту және есту қабілеті бұзылған таланттарға арналған хореографиялық өнер.

Дельфий ойындарының «Халық аспаптары» номинациясы бойынша бірінші орын «Алас» домбырашылар ансамбліне, Лаура Құттыбаева, Ералы Таупих, Ақмарал Бақытбек, Руслан Галкеев, Мейір Дәулетовке бұйырса,

«Халық әні» номинациясы бойынша «Назқоңыр» әншілер ансамблі

және Манас Әбілмансұр дарланды. «Фортепиано» номинациясынан Адия Қайрат пен Марлен Алдабаев, «Скрипкадан» Стефания Мохначева және Василиса Соколова, «Академиялық ән айту» номинациясы бойынша Әйгерім Ахметова мен Бибарыс Әліш топ жарды. «Киім дизайны» номинациясынан Мөлдір Тұрсынбай жеңімпаз атанса, «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша Айтұмар Аллаберген мен Ақжан Өнербайдың жұлдызы жанды. Ал «Театр өнері» номинациясы бойынша Қазақ ұлттық өнер университетінің колледжі студенттері үздік деп танылды.

Шынар ӘБИП,  
Л.Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университетінің  
2-курс студенті

## ҚОҚЫС ТӨККЕН КӘСІПКЕРГЕ – АЙЫППҮЛ



Нұра ауданы әкімдігінің қызметкерлері аумақты аралау кезінде бос жатқан жерлерге қоқыс төгуге беттеген КАМАЗ көлігін байқап қалады. Көліктің соңынан ілесіп, рұқсат етілмеген жерге құрылыс қалдықтарын төккенін көзбен көріп, фактіні тіркеп, табиғат қорғау полициясына жібереді.

Кейінірек жүк көлігінің кімге тиесілі екені анықталып, заң бұзған кәсіпкерге әкімшілік айыппұл салынды. Ол кінәсін толық мойындап, өз есебінен 30 көлік жүктің жалдау ақысын төлеп, 700 тонна стихиялық үйіндіні арнайы полигонға шығарды. Нұра ауданы әкімінің орынбасары Руслан Оралов аудан аумағында заңсыз қоқыс төгілген 8 негізгі орын анықталғанын айтады.

«Жүйелі тексерулер нәтижесінде қаланы ластайтын жосықсыз кәсіп-

керлердің бірі анықталды. Мысалы, бір күн бұрын біздің қызметкерлеріміз осы учаскелерді аралап шыққан еді. Ол кезде қоқыстың көлемі мұндай үлкен емес-тін. Сөйтсек, заңсыз қоқыс төгіп жүрген кәсіпкерлердің тек түнде келетінін білдік. Аудан бойынша осы бағыттағы жұмысты жалғастырамыз» деді ол.

Астанада құрылыстағы және басқа да ірі қалдықтарды қайта өңдейтін 2 полигон бар. Басқа учаскелерге қоқыс төккендер заң бойынша жазаланады.









